

Қазақстан Республикасының
президенті Н.Ә.Назарбаевқа

Қазақстан Республикасының Жоғарғы
сотының төрағасы Ж.Асановқа

Алғыс хат

Біздер, Абубакировтер отбасы қатты зардап шегіп, қасіретке ұшырадық. Әке-шешеміз, өзіміз үйден шыға алмай, елмен араласа алмай, той-жиынға, қайтыс болған құда-жекжаттың қазасына бара алмай қалдық. Оның себебі, 2015 жылдың қаңтар айында, бағып-қағып, отбасымызды асырап отырған 20 бас жылқымызды бір түнде қолы суық қарақшылар ұрлап кетті. Осы оқиғаның зардабы біздің отбасымызға өте қатты әсер етті. Үй бетін көрмей, жоқ іздеп сандалып кеттік. Аштан-аш ел кезіп, қаңғырып, жылқыларымызды іздеумен болдық. Әке-шешеміз, бала-шағамыз үйде аш қалып, баратын жерге қаражатымыздың жоқтығынан бара алмай қалдық. Әсіресе қайтыс болған ағайын-туыс, құда-жекжатқа бара алмау әкемізге қатты әсер етті. Өйткені, оған біріншіден жол қаражаты, екіншіден бата жасау үшін аз болса да қаражат беру біздің сүйегімізге сіңген салт-дәстүріміз. Оны орындайтын бізде жағдай болмады. Тойдың не екенін ұмыттық, бірде-бір тойға бара алмадық. Бұдан басқа осындай гүлденген заманда немерелерінің ескі жамау киіммен мектепке барғаны және өмір бойы тырнақтап жинаған 20 бас жылқысын бір түнде ұрлап кеткен ұрылардың қиянаты шешеміздің жанына қатты батып, өмірден озып, қайтыс болды. Әкеміз үнемі «Президентке рахмет! Одақтың кезінде әр бас малға салық төлеп, өкіметке ет беретін едік, ал, қазір біздің Президентіміз қанша мал бақсаң да өз еркін, Қазақстанның тұрғындары бай болсын, керісінше оларға қолдау көрсетіңдер деп, теледидардан айтты» деп, сізге разы болып отыратын еді.

Әрине ауызбен 20 бас жылқы деп айта салу оңай. Бірақ, сол жылқылардың әрқайсысын жылқы болу үшін 4-5 жыл бағу керек. Біздің негізгі күн көрісіміз, табысымыз осы жылқылар еді. Жылқыларды шетінен сатып, ішіп-жеп, қаражат ететін едік.

Әділдік іздеп, еш жерден туралық таппадық. 2017 жылдың аяғына таман біздің жылқыларымызды ұрлаған ұрылар ұсталып, оладың үстінен қозғалған қылмыстық іс Сарыағаш аудандық сотына түсті. Істі сот төрағасы Т.Машрапов өзі қарады. Егер, бір адам 2-3 жыл бір аурумен ауырса дәрінің атын, дозасын, уколын барлығын жаттап алады. Сол сияқты, біз де 3 жыл бойы бармаған жеріміз қалмады. Барлық құқық қорғау органдарының есігін тоздырып, біраз нәрсені байқадық. Істі егжей-тегжейлі 3 ай бойы қараған сот төрағасы Т.Машрапов біздің отбасымызды өмірге қайта әкелді. Ұрыларды соттады және біздің жылқылардың ақшасын түгел қайтартып берді. Қазақ айтады «Қайтқан малда қайып бар» деп. Отбасымыз мамыражай болып, балаларымыз бақытты, әдемі киім киіп, мектепке барып, сол қайтқан ақшаға қайтадан жылқыларды алып, үйіміз қуанып, қорамыз малға толып, бір күнде бақытты жан болып, өмірге қайта келдік.

Көз алдыма баяғы Төле би елестеді. Сот төрағасы өте тапқырлығымен, шешендігімен, білімділігімен қара қылды қақ жарып бізді бақытты етті. Ұры сотталды, мал-мүлік қайтты. Осыған бүгінгі күнге дейін сенбейміз, түсіміз бе әлде өңімізбе деп. Осындай да үкім болады екен. Әлі күнге дейін қорқатынымыз малымыз ұрланып, оны таппай жүрген кезде небір түстер көрген едік, сонау бір елес пе деп ойлаймыз. Бірақ түс емес екендігіне енді көзім жетті. Үлкен оқу орнында бір студент профессорға сұрақ қойыпты: «Ағай, бақыт деген не?»-деп, сонда ұстаз: «Бақыт деген әділдіктің аясында өмір сүру»-деп жауап беріпті.

Мінекей, нағыз бақыт әділдіктің аясында екендігіне көзіміз жетті. Соттарды Президент тағайындайтынын біліп, сізге осындай әділ билікті, шешен сот тағайындап, біздің отбасымызға бақыт сыйлағаныңызға ағайын-туыс, бүкіл әулетіміздің атынан алғысымыз шексіз. Осындай әрбір отбасына бақыт сыйлай беріңіз құрметті Президент.

Нұрсұлтан аға, бұны жүректен шыққан алғыс деп біліңіз. Біз жоғары білімді журналист емеспіз, артық жазған жеріміз болса кешірім сұраймыз. Сізге осы алғысты жеткізбей ұйықтай алмадық.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Ж.Асановқа өзі басқарып отырған соттар әділ шешім шығарып, халықтың ықыласына бөленіп жұмыс жасауын ұйымдастырып отырғаны үшін ерекше алғыс білдіреміз. Себебі, арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай бұрылса, артыңғы дөңгелегі солай солай жүретіні барлығымызға белгілі. Сол үшін сізге осындай халықтың мұңын әділ шешіп, елдің ризашылығына, алғысына бөлене беріңіз.

Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғыны,
Абубакиров Махсуд Камбиловичтен.